

Ұлттық Банкі Маңғыстау филиалының мемлекеттік тілді оқыту курсы оқытушысын конкурстық іріктеуден өткізу туралы хабарландыру

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Маңғыстау филиалы мемлекеттік тілді оқыту курсы оқытушысын конкурстық іріктеуден өткізу туралы хабарлайды.

Конкурстық іріктеуге қатысу үшін қажетті құжаттар 2022 жылғы 14-20 қаңтар аралығында мына мекенжай бойынша: 130000, Ақтау қаласы, 23 шағын аудан 26-үй, Ұлттық Банкінің Маңғыстау филиалы, іс қағаздарын жүргізу жөніндегі жетекші маман инспекторға, конкурсқа қатысушының кері мекенжайы көрсетілген конвертте (қолма-қол, пошта арқылы) немесе Klara.Sarmurzina@nationalbank.kz электрондық поштасы арқылы қабылданады.

Конкурстық іріктеудің қатысушыларына кәсіпкерлік қызмет субъектілері болып табылмайтын, конкурстық іріктеуге қатысуға үміткер жеке тұлғалар жатады. Конкурстық іріктеуге қатысушыларға қойылатын талаптар:

-«Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті», «Қазақ тілі мен әдебиеті» не көрсетілген мамандықтарға ұқсас мамандық бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) филологиялық білімі;

-мемлекеттік тілді оқыту тәжірибесі кем дегенде 5 (бес) жыл;

- ғылыми дәрежесі және «немесе» ғылыми атағы (құптарлық);

Конкурстық іріктеуге қатысушы үшін Ұлттық Банк Маңғыстау филиалының мемлекеттік тілді оқыту курсы оқытушысын іріктеу жөніндегі конкурстық комиссиясына мынадай құжаттарды ұсыну қажет:

- конкурстық іріктеуге қатысушының түйіндемесі;

-жеке басын куәландыратын құжаттардың көшірмелері;

-жұмыс тәжірибесінің болуын растайтын құжаттардың көшірмелері;

-жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) білімі туралы дипломдарының көшірмелері;

-кәсіби деңгейін растайтын өзге құжаттардың көшірмелері (ұсынымдар, мінездемелер, сертификаттар, ғылыми дәрежесі және (немесе) атақтарының, санатының, ғылыми жарияланымдарының болуы туралы құжаттар) (бар болса).

Конкурстық комиссия құжаттарды қабылдау мерзімі аяқталғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күн ішінде конкурстық іріктеуге қатысушылардың құжаттарының белгіленген талаптарға сәйкестігін (сәйкес еместігі) қарайды және:

-кандидаттарды әңгімелесу өткізу күні және орны туралы;

-әңгімелесуге рұқсат беруден бас тарту алған конкурстық іріктеу қатысушыларды конкурстық комиссияның шешімі туралы хабардар етеді.

Конкурстық іріктеу жеңімпазымен мемлекеттік тілді оқыту курсы өткізу бойынша ақылы қызмет көрсету шарты жасалады.

2022 жылғы мемлекеттік тілді оқыту курсы 120 сағаттан құралады және 1 академиялық сағаттың құны Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес төлем көзінен жеке табыс салығы, міндетті зейнетақы жарнасы және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жарнасы ескеріле отырып, 7000 (жеті мың) теңгені құрайды.

Байланыс деректері: Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Маңғыстау филиалы, іс жүргізу жөніндегі жетекші маман инспектордың кабинеті, тел. 8(7292) 701-500 қосымша ішкі номер 3252, Klara.Sarmurzina@nationalbank.kz

Құжаттардың толық топтамасын толық ұсынбау конкурстық комиссияның конкурстық іріктеуге қатысушының кандидатурасын қараудан бас тартуына негіз болып табылады.